# Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында 2014 жылғы қаңтар-наурыз аралығында Қазақстан Республикасының ер азаматтарын тіркеуді және медициналық куәландыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы N 17 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 желтоқсанда N 2433 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 2014 жылғы 3 сәуірдегі N 10.1.5-7/290 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 03.04.2014 N 10.1.5-7/290 хаты).

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақырту учаскесіне 2014 жылғы қаңтар-наурыз аралығында тіркеу жылы он жеті жасқа толатын Қазақстан Республикасының ер азаматтарын тіркеуді, медициналық куәландыруды ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары А.Д. Қабдөшевке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудан әкімі* | *Қ. Пішенбаев* |
| *"КЕЛІСІЛДІ"*<br>*Қазақстан Республикасы қорғаныс министрлігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы ауданының қорғаныс істері* | *Д.М. Кеженев* |

*жөніндегі бөлімі"*
*республикалық мемлекеттік*
*мекемесінің бастығы*
*2013 жылғы 9 желтоқсан*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК